

БИЗНЕСТІ ЖАУАПТЫ ЖҮРГІЗУ 2022

ECONOMIC
RESEARCH
INSTITUTE
QAZAQSTAN

ЖИЫНТЫҚ ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ: ЭЫДҰ-НЫҢ КӨПҰЛТТЫ КӘСІПОРЫНДАРҒА АРНАЛҒАН БАСШЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ



Қазақстанның Ұлттық
байланыс орталығы



Бұл тексеру парағын Қазақстанның ҰБО-ы ЭЫДҰ-ның көпұлтты кәсіпорындарға арналған Басшылық қағидаттарының негізгі элементтерін (бұдан әрі тиісінше – Басшылық қағидаттары, кәсіпорындар) тарату және ілгерілету мақсатында, сондай-ақ жалпылау үшін дайындады.

Тексеру парағы ЭЫДҰ-ның ресми жарияланымы болып табылмайды.



I. ТҰЖЫРЫМДАМАЛАР МЕН ҚАҒИДАЛАР

1. **Басшылық қағидаттары үкіметтердің көпұлтты кәсіпорындарға арналып жасалған қағидаттары болып табылады және озық халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. Заңнамамен немесе халықаралық міндеттемелермен реттелмеген осы Қағидаттарды сақтау ерікті болып табылады.**

2. Кәсіпорындар ЭЫДҰ-ның Басшылық қағидаттарының стандарттары мен қағидаттарын қолдануға ұмтылуы және бұл ретте ұлттық заңнаманы бұзбауы тиіс.

3. Кәсіпорындарға олар жұмыс істейтін кез-келген елде Басшылық қағидаттарды орындауға кеңес беріледі.

4. Меншік түріне немесе құрылымына қарамастан, кәсіпорынның барлық субъектілері Басшылық қағидаттарды ұстануы керек және бір-бірімен ынтымақтасып, олардың сақталуын ынталандыру арқылы бір-біріне көмектесуі керек.

5. Шағын және орта кәсіпорындарға Басшылық қағидаттарда көрсетілген ұсыныстарды барынша орындау ұсынылады.



OECD **GUIDELINES**
FOR MULTINATIONAL
ENTERPRISES

II. ЖАЛПЫ САЯСАТ

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік прогреске ықпал ете отырып, тұрақты дамуға ұмтылу.
2. Осындай кәсіпорындардың қызметіне әсер ететіндерге қатысты халықаралық деңгейде таңылған адам құқықтарын сақтау.
3. Жергілікті әлеуетті арттыру үшін өздері жұмыс істейтін қауымдастықтармен ынтымақтастық жасау.
4. Жұмыс орындарын құру және қызметкерлерді оқыту мүмкіндіктерін жеңілдету.
5. Нормативтік-құқықтық базадан ерекше жағдайларды іздеуге немесе қабылдауға тырысудан аулақ болу.
6. Бүкіл кәсіпорында корпоративтік басқарудың тиісті қағидаттарын сақтау.
7. Кәсіпорындар мен олар жұмыс істейтін қоғам арасындағы өзара сенімге ықпал ететін өзін-өзі реттеу әдістері мен басқару жүйелерін әзірлеу және қолдану.
8. Қызметкерлердің кәсіпорын саясатын білетініне және сақтайтынына көз жеткізу.
9. Кәсіпорынның Басшылық қағидаттарын, заңдарын немесе саясатын бұзу туралы заңды түрде есеп беретін қызметкерлерді қорғау.
10. Жеткізу тізбегі бойынша кәсіпорын қызметінің нақты және ықтимал қолайсыз салдарын анықтау, алдын алу және жұмсарту үшін тәуекелдер негізінде тиісті сақтықты жүргізу.
11. Басшылық қағидаттармен қамтылған салаларда жағымсыз әсерлерді болдырмау және олар болған кезде оларды жою.



12. Іскерлік қатынастар арқылы кәсіпорынның қызметіне тікелей байланысты жағымсыз әсерлерді азайту немесе болдырмау.

13. Бизнес бойынша серіктестердің, жеткізушілер мен қосалқы мердігерлерді қоса алғанда, Басшылық қағидаттарына қайшы келмейтін шаруашылық қызметті жауапты жүзеге асыру қағидаттарын қолдануын көтермелеу.

14. Жергілікті қауымдастықтардың өз қауымдастығына әсер ететін жобаларда немесе шешімдерде дауыс беру құқығына ие екендігіне көз жеткізу.

15. Жергілікті саяси қызметке заңсыз қатысудан аулақ болу қажет.

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Олардың жағдайларына сәйкес Интернет бостандығын сақтау.

2. Дамушы елдер мен халықаралық стандарттарға әсерін ескере отырып, жауапты жабдықтау жүйесі туралы диалогқа қатысу немесе қолдау ұсынылады.





III. АҚПАРАТТЫ АШУ

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Кәсіпорын бойынша барлық маңызды мәселелердің нақты және уақтылы ашылуын қамтамасыз ету.
2. Төмендегілер туралы ақпаратты қамтитын ақпаратты ашу саясатына ие болу:
қаржылық және операциялық нәтижелер; мақсаттар;
кәсіпорындар топтарының құрылымдары мен бақылау тетіктері;
сыйақы төлеу саясаты; байланысты тараптар арасындағы мәмілелер;
тәуекел факторлары;
мүдделі тұлғалардың мәселелері; басқару органдары мен саясаты.
3. Мыналарды ашу:
бағалау арыздары немесе шаруашылық қызметті жүргізу туралы арыздар;
көрсетілген өтініштер мен кодекстердің сақталуы туралы ақпарат;
ішкі аудит жүйелері туралы ақпарат;
қызметкерлермен және өзге де мүдделі тұлғалармен қатынастар туралы ақпарат.
4. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық ақпаратты ашудың сапалы стандарттарына ие болу қажет.

IV. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Адам құқықтарын сақтауға қатысты теріс салдарларды құрметтеу, бұзушылықтарды болдырмау және жою.
2. Адам құқығына теріс әсер етпеу немесе оған ықпал етпеу.
3. Кәсіпорын қызметіне немесе іскерлік қатынастарға байланысты адам құқықтарына теріс әсерді азайту.
4. Адам құқығын сақтауға саяси міндеттеме алу.
5. Адам құқықтарына қатысты тиісті сақтықты жүргізу.
6. Кәсіпорын туындаған немесе ықпал еткен құқықтардың бұзылуын жоюда ынтымақта-су қажет.





V. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАТЫНАСТАР

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Көпұлтты кәсіпорында жұмыс істейтін қызметкерлердің құқықтарын құрметтеу, ұжымдық келіссөздер жүргізуге рұқсат беру, балалар мен мәжбүрлі еңбектің күшін жоюға ықпал ету және барлық қызметкерлермен тең мүмкіндіктер мен қарым-қатынасты қамтамасыз ету.
2. Әділ ұжымдық келіссөздер жүргізу үшін қызметкерлердің өкілдеріне қаражат пен ақпарат беру.
3. Қызметкерлер, жұмыс берушілер және қызметкерлер өкілдері арасындағы консультациялар мен ынтымақтастыққа жәрдемдесу.
4. Қызметкерлердің ең жақсы жалақы деңгейін, еңбек жағдайларын, еңбек қатынастарын қамтамасыз ету және олардың жұмыс орнындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
5. Жергілікті қызметкерлерді (мүмкіндігінше) пайдалану және олардың біліктілігін арттыру үшін оқыту.
6. Жұмыстан шығар алдында әділ хабарлау немесе ескерту жасау.
7. Ұжымдық келіссөздерге әсер ету үшін операцияларды кейінге қалдыру сияқты экономикалық қауіптерді пайдаланбау.
8. Қызметкерлердің өкілдеріне ұжымдық шарт немесе өндірістік-еңбек қатынастары бойынша келіссөздер жүргізуге мүмкіндік беру қажет.

VI. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық пен қауіпсіздік саласында жұмыс істейтін жүйелерді және экологиялық тиімділіктің мақсаттары мен міндеттерін әзірлеу және қолдау, сондай-ақ олардың мониторингін жүзеге асыру.
2. Қоғам мен жұмыскерлерге кәсіпорын қызметінің қоршаған ортаға, денсаулық пен қауіпсіздікке әсері туралы ашық хабарлау және кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау, денсаулық пен қауіпсіздік саласындағы саясатына және оны іске асыруға қатысты халықпен тиісті консультациялар жүргізу.
3. Кәсіпорынның тауарлары мен қызметтерінің қоршаған ортаға, денсаулық пен қауіпсіздікке олардың өмірлік циклі ішінде әсерін ескеру және салдары айтарлықтай болуы мүмкін қоршаған ортаға әсерін бағалауды дайындау.
4. Тәуекелдерге ғылыми сенімділік болмаса да, тауарлардан қоршаған ортаға зиянды азайту үшін үнемді инвестициялар жасау.
5. Қоршаған ортаға және денсаулыққа зиянды болдырмау, азайту, бақылау және есеп беру үшін төтенше жағдайлар жоспарларына ие болу.
6. Үнемі экологиялық көрсеткіштерді жақсартуға тырысу, қажет болған жағдайда оларды жеткізілім тізбегіне қолдану.
7. Қызметкерлерді қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік аспектілеріне, сондай-ақ табиғатты қорғау жұмысын жалпы басқару саласына оқытуды қамтамасыз ету.
8. Мемлекеттік саясатта қоршаған орта және оны қорғау туралы хабардарлықты арттыруға ықпал ету қажет.



VII. ПАРАҚОРЛЫҚПЕН, ПАРА ҰСЫНУМЕН ЖӘНЕ БОПСАЛАУМЕН КҮРЕС

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Мемлекеттік лауазымды тұлғаларға немесе іскер серіктестердің қызметкерлеріне пара ұсынбау және олардан мұндай ұсыныстарды тікелей де, делдалдар арқылы да қабылдамау.
2. Парақорлықтың алдын алу мен анықтаудың барабар ішкі тетіктерін әзірлеу және қолдау.
3. Шарттылықты жеңілдету үшін төлемдерге тыйым салу немесе ынталандырмау және кез келген төлемдерді дәл тіркеу.
4. Агенттер тек заңды қызметтері үшін төлем алуы және тиісті бақылауда болуы үшін парақорлық тәуекелдерін кешенді тексеруді қолдану.
5. Парақорлықпен, пара ұсынумен және бопсалаумен күресте өз қызметінің ашықтығын арттыру.
6. Қызметкерлерді парақорлықпен күрес саясаты туралы оқыту және ақпараттандыру.
7. Барлық саяси қайырымалдықтар ақпаратты жария ету талаптарына сәйкес келуі және аға басшылықтың есептерінде көрсетілуі тиіс.



VIII. ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Тауарлар мен қызметтер тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің келісілген немесе заңмен талап етілетін стандарттарына, соның ішінде зиянды ескертулер мен қауіпсіздік туралы ақпаратқа сәйкес келетініне көз жеткізу.
2. Тұтынушыларға тауарларды салыстыруға және олар туралы ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін дәл, тексерілетін және түсінікті ақпарат беру.
3. Тұтынушыларға шағымдар мен дауларды шешудің тиімді, арзан және қарапайым әдісін ұсыну.
4. Тауарлар бойынша жалған ақпарат берілмейтініне көз жеткізу, мысалы, жалған ақпарат беру немесе тұтынушылар білгісі келетін ақпаратты өткізіп жіберу сияқты әрекеттерде жол бермеу.
5. Тұтынушыларды тауарлар туралы, оның ішінде: тұрақты тұтынуға; әлеуметтік, экономикалық және экологиялық зардаптарға; күрделі мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қалай қабылдауға қатысты ақпараттандыруды қолдау.
6. Тұтынушылардың жеке өмірін құрметтеу және қорғау.
7. Мемлекеттік органдармен жалған маркетингтің алдын алу және кәсіпорынның тауарлары мен қызметтерінен қоғамдық денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қауіп-қатерді азайту үшін жұмыс жасау.
8. Осал және аз қамтылған тұтынушылардың қажеттіліктерін және тұтынушылар үшін электрондық коммерция мәселелерін ескеру.



IX. ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Өз қызметінің ғылым мен техника саласындағы қабылдаушы елдердің саясатына сәйкестігін қамтамасыз етуге және жергілікті және ұлттық инновациялардың дамуына жәрдемдесуге ұмтылу.
2. Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау кезінде технологиялардың берілуі мен таралуына ықпал ететін әдістерді қабылдау.
3. Қабылдаушы елдердің ғылыми-техникалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысу.
4. Зияткерлік меншік құқықтары туралы лицензиялық келісімдердің әділ болуын және қабылдаушы елдердің ұзақ мерзімді дамуына ықпал етуін қамтамасыз ету.
5. Жергілікті ғылыми-зерттеу институттарымен өзара әрекеттесу және бірлескен зерттеулерге қатысу

X. БӘСЕКЕЛЕСТІК

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Кез келген тиісті юрисдикциядағы бәсекелестік үшін салдарларды немесе әлеуетті салдарларды ескере отырып, қызметті бәсекелестік туралы заңдар мен ережелерге сәйкес жүзеге асыру.
2. Бағаны белгілеу, сауда-саттықта сөз байласу, шығарылымды шектеу және нарықты бөлу сияқты бәсекелестікке қарсы келісімдерге қатысудан аулақ болу.
3. Бәсекелестік мәселелері бойынша тергеушілермен жедел және толық ынтымақтасу.
4. Жоғары басшылық пен қызметкерлерді бәсекелестік туралы заңдарды сақтаудың маңыздылығына үйрету.

XI. САЛЫҚ САЛУ

КӘСІПОРЫНДАРҒА:

1. Салықтарды уақтылы төлеу және қабылдаушы елдердің салық заңнамасының әрпі мен рухын сақтау.
2. Салық басқаруды және талаптардың сақталуын қадағалау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің маңызды элементтері ретінде қарастыру.





Телеграмм-бот
ERIQ_bot



Телефон
+7 7172 99 99 12



Пошта
ncpkaz@economy.kz

ҰБО, өтініштерді қарау рәсімі туралы ақпаратты және басқа да пайдалы материалдарды мына жерден табуға болады

<http://ncp.economy.kz>

<http://economy.kz>